

«№7 бөбекжайы» КМҚК

**Балабақшадағы сыбайлас жемқорлыққа
қарсы саясат пен сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін талдау**

Комплаенс- офицер : Избасарова А.А.

Қостанай қ., 2026

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

ОРНЫ: Қостанай қ.

«01» __06__ 2026 жыл

1. Талдау жүргізудің негізі мен кезеңі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК басшысының 2023 жылғы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – талдау) жүргізілді.

Талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылдың II жартыжылдығы – 2026 жылдың I жартыжылдығы

2. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, анықтау және жою.

Талдаудың міндеттері:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау;
- бөбекжай қызметінің үдерістеріндегі ықтимал тәуекелдерді анықтау;
- олардың салдарын азайту және жою бойынша шаралар әзірлеу.

3. Талдау жүргізу кезінде пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 15-тармағына сәйкес талдау жүргізу кезінде ақпарат көздері:

1. нормативтік құқықтық актілер және ішкі құжаттар;
2. ұйымның қызметі туралы статистикалық есептілік;
3. мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
4. мемлекеттік және қадағалау органдарының бұрын жүргізілген тексерулерінің нәтижелері;
5. ішкі бақылау қызметінің бақылау іс-шараларының материалдары;
6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
7. бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;
8. жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
9. лауазымды тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
10. сот органдарының шешімдері, қылмыстық істер фабулалары;

11. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы және ішкі талдаулардың нәтижелері;
12. қызметкерлердің сауалнамаларының нәтижелері;
13. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

«№7 бөбекжайы» КМҚК құрылымына мыналар кіреді:

1. әкімшілік басшылық;
2. кадр қызметі және іс жүргізу;
3. қаржы-бухгалтерлік бөлігі (мемлекеттік сатып алуды қоса алғанда);
4. оқу-тәрбие блогы және цифрландыру;
5. техникалық-шаруашылық бөлігі.

Білім беру ұйымының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарына (Жарғы, ережелер, нұсқаулықтар, ережелер және т.б.). сәйкес жүзеге асырылады.

Талдау барысында мектепке дейінгі ұйымның жарғысы мен жергілікті актілері зерделенді.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің пайда болуына ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер **анықталған жоқ.**

Ұсыныстар:

Ықтимал дискрециялық нормаларды жою үшін ішкі нормативтік құжаттарды қосымша талдау мүмкіндігін қарастыру.

Ішкі құжаттарды талдау нәтижелері:

Ұжымдық шарт, Жарғы, ішкі еңбек тәртібі ережелері зерттелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: **анықталған жоқ.**

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. мемлекеттік қызмет көрсету

Білім беру ұйымы бір мемлекеттік қызмет көрсетеді -

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау».

Есепті кезеңде indigo24.kz порталы арқылы 195 қызмет көрсетілді («Электронды балабақша»).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері **анықталған жоқ.**

Қызмет көрсету мерзімі сақталады, шағымдар мен өтініштер түскен жоқ.

Ұсыныстар:

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің ашықтығы мен сақталуын қамтамасыз етуді жалғастыру.

2.2. Кадр саясаты және персоналды басқару

Штат саны-87,5 адам, нақты саны 2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 65 адам.

Бос жұмыс орындары - 2 лауазым (мемлекеттік тілде оқытатын тәрбиешілер).
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында барлық Бос орындар мекеменің сайтында, Instagram-да және порталда жарияланады enbek.kz.

Жұмысқа қабылдау «Қостанай қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» ММ арқылы ашық рәсім бойынша жүзеге асырылады.

Талданатын кезең уақытында:

Қызметтен босатылды-5қызметкер (өз еркімен);
қабылданды – 5қызметкер.

Біліктілікті

Жоспар-кестеге сәйкес есепті кезең ішінде 23 педагог оқытудан өтті.
Табыс және мүлік туралы декларациялар барлық қызметкерлер тарапынан тапсырылды.
уақытылы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ.
Ұсынымдар: кадрлық тағайындаулар кезінде ашықтық қағидаттарын сақтауды жалғастыру.

2.3. Тәртіптік практика және этика

Есепті кезеңде тәртіптік жазалар (ескертулер) қолданылған жоқ.
Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталған жоқ.
Еңбек тәртібін бұзу және бұқаралық ақпарат құралдарында теріс жарияланымдар туралы ақпарат жоқ.
Мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Тікелей бағыныстылықтағы жақын туыстардың, жекжаттардың және немере туыстардың бірлесіп жұмыс істеу жағдайлары туралы ақпарат

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Туыстық түрі	Тікелей бағыныстылық (Иә/Жоқ)	Кім тағайындаған
1	Елекеева Лилия Рафхатовна	меңгеруші	жоқ	жоқ	жоқ
2	Избасарова Алма Айдархановна	әдіскер тәрбиеші	жоқ	жоқ	жоқ
3	Комарова Дина Витальевна	әдіскер	жоқ	жоқ	жоқ

Тікелей бағыныстылықсыз жақын туыстардың бірлесіп жұмыс істеуі туралы ақпарат

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Туыстық түрі	Тікелей бағыныстылық (Иә/Жоқ)
1	Елекеева Лилия Рафхатовна	меңгеруші	жоқ	жоқ

2	Избасарова Алма Айдархановна	әдіскер тәрбиеші	жоқ	жоқ	жоқ
3	Комарова Дина Витальевна	әдіскер	жоқ	жоқ	жоқ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Талдау барысында анықталған жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлесіп қызмет атқару фактілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және оларға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттарды, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерін, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарының мүшелерін қоспағанда) өздерінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының лауазымдарына тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды. Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында балабақшада жақын туыстардың бірлесіп қызмет атқару фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактілері де тіркелмеген.

Негіздеме: туыстық байланыстарды анықтау.

Жою жөніндегі ұсынымдар: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабы 1-тармағының талаптарын сақтау, яғни жақын туыстарды тікелей немесе жанама бағыныстылық жағдайында жұмысқа қабылдауға жол бермеу.

2.4. Құжат айналымы және процестерді цифрландыру

Қызметкерлердің жеке істері, есеп журналдары, жеке құрам бойынша бұйрықтар, шарттар және өзге де құжаттар зерделенді. Мемлекеттік сатып алулардың барлығы (87 шарт) заңнамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ.

2.5. Азаматтардың өтініштерін қарау

Жауапты тұлға (тіркеуші) тағайындалған, жазбаша және ауызша өтініштерді тіркеу журналдары жүргізіледі. Есепті кезеңде eotinish.kz порталы арқылы 3 өтініш тіркелген, барлығы мерзімінде қаралған, шағымдар түспеген.

Ұсынымдар:

Қызметкерлер арасында Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын түсіндіру бойынша оқыту семинарын өткізу, сонымен бірге шешімдерді шағымдану тәртібін түсіндіру.

2.6. Қызметтің ашықтығы және жариялылығы

Мекеменің қызметі туралы ақпарат тұрақты түрде ресми сайтқа: *sadik7kst.edu.kz* және Instagram парақшасына (*kst_7_balabaqsha*) орналастырылып отырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функциялары

Дошкольдық ұйым бақылау және рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: жоқ.

2.8. Сот практикасы және қадағалау органдарының тексерістері

Бөбекжайда қатысты сот талап-арыздары тіркелмеген.

Қадағалау, фискалдық және құқық қорғау органдарының тексерістері жүргізілмеген.

БАҚ мониторингі бөбекжай қызметі туралы теріс немесе шындыққа жанаспайтын ақпараттың жоқ екенін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ.

III. Қорытындылар

Жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 7 бөбекжайы» КМҚК қызметі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылатынын көрсетті. Талдау нәтижелері бойынша елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Анықталған ықтимал тәуекелдер болмашы сипатқа ие және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды одан әрі жетілдіру, ішкі бақылауды күшейту, сондай-ақ қызметкерлердің құқықтық мәдениеті мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы құзыреттілік деңгейін арттыру арқылы қосымша төмендетілуі мүмкін.

Меңгеруші:

Компаленс- офицер:

Жұмыс тобының төрағасы:



Елекеева Л.Р.

Избасарова А.А.

Панафидина О.Ю

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:

Бентнорюс М.Н. _____

Мукашева М.С. _____